

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 287 және 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 864 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 1382 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 287 қаулысында:

1-тармақтағы «7441000 (жеті миллион төрт жүз қырық бір мың)» деген сөздер «2427975 (екі миллион төрт жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз жетпіс бес)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 сәуірдегі № 348 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 864 қаулысында:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы «297787251,37 теңге (екі жүз тоқсан жеті миллион жеті жүз сексен жеті мың екі жүз елу бір теңге отыз жеті тиын)» деген сөздер «284516158 (екі жүз сексен төрт миллион бес жүз он алты мың бір жүз елу сегіз) теңге» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*